

средней эффективности работы природного капитала с страны-члены Организации экономического сотрудничества и развития (далее - ОЭСР) и других развитых странах.– это твое участие в будущем развитии страны.

Литература

1. Inclusive Green Growth: The Pathway to Sustainable Development. – Washington, D.C.: The World Bank, 2012. – 171 p.

2. Назарбаев Н. А. Послание Президента страны народу Казахстана «Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» // Казахстанская правда. — 11 октября. – С. 9-16.

3. Назарбаев Н. А. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира [Электрон.ресурс]. – 2006. – URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-mart2006-g_1343986805 (дата обращения: 03.2015).

**Мусабекова А.О. э.ғ.м., оқытушысы (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Асатулла С.Д., 3 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Боранқұлова Ж.Д., 3 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ысқақ З.М., 3 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ШАҒЫН КӘСІПкерліктің Нарықтық Экономикадағы Маңызы және Оның Ерекшеліктері

Дамыған елдердің тәжірибесі дәлелдегендей, шағын кәсіпкерлік ахуалға шапшаң бейімделеді. Олар экономиканы қайта құру қарқынын жедел тездетіп, шығынның тез өтелуін қамтамасыз етуге, тұтынушы сұранымының өзгеруін жедел байқап, бәсекелестіктің өрісін кеңейте түсуге, салалық және аумақтық монополизмге төтеп беруге көмектеседі. Шағын бизнестің нақты ролі келісілерде айқындалады:

- жаңа жұмыс орындарын құрады;
- жаңа тауарлар мен қызметтерді ендіреді;
- ірі кәсіпорындардың қажеттіліктерін өтейді;
- арнайы тауарлар мен қызметтерді қамтамасыз етеді.

Шағын кәсіпорындар тек қана жаңа жұмыс орындары мен тауарларды даярлап ұсынып қана қоймай, сонымен қатар, клиенттердің айрықша қажеттіліктерін қанағаттандырады. Мысалы, ескі сағаттар мен антиквариаттық тауарларды жөндеуге шағын бизнес икемдірек болады.

Кіші бизнес дамыған ірі компаниялармен бәсекеге түсіп, үлкен жетістіктерге жете алады. Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, фирманың іскерлік стратегиясын өзгерту үшін ірі кәсіпорындарға 6 жыл және одан да көп уақыт қажет. Шағын фирмалар үшін бұл мерзім жарты жылдан бір жылға дейін барады. Екіншіден, дәстүрлі саналатындай, технологиялық инновациялар- ірі бизнестің саласы. Бірақ статистика бойынша екінші дүниежүзілік соғыстан кейін технологиялық инновацияның радикалды 95%-ы кіші бизнес саласынан шықты. Қазіргі кезде шағын фирмаларда инновация мен ашылулар ірі фирмаларға қарағанда 24 есе көп.

Сондықтан, Европалық Қауымдастықтың экономика жеке секторының 15,7 миллион кәсіпорны- кіші және орта бизнес кәсіпорындары болып келуі кездейсоқ жағдай емес. Шағын бизнес кәсіпорындары қоғамның дамуына үлкен үлес қоса отырып, жұмыс орнының 70%-ын қамтамасыз етті (62млн). Статистика бойынша 16 миллион адам өзіне жұмыс істей бастады, 46 миллион адам жалдамалы жұмысқа тұрды.

АҚШ Комитет Конгрессі кіші бизнеске 700-дей анықтама берген. Шағын бизнесті сипаттау үшін көптеген критерийлер бар, мысалы, өндіріс көлемі, жұмысшылар саны, депозиттер көлемі, пайда көлемі. Олардың кең тарағаны жұмысшылардың саны болып табылады. Германияда шағын бизнеске 1-ден 500-ге дейін жұмысшылары бар кәсіпорынды жатқызады. Олар төрт категорияға бөлінеді: 20-дан 49-ға дейін; 50-ден 99-ға дейін; 100-ден 199-ға дейін; 200-ден 499-ға дейін. Германияда жылдық айналымы 3,5-нан 11,5 миллионға дейін болатын кәсіпорындар шағын кәсіпорындарға жатады. Жұмыс орындарының үштен екі бөлігін шағын кәсіпкерлік қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының заңы бойынша кәсіпкерлікке жататын кәсіпорындардың жұмысшылар саны келесідей болу керек:

- өнеркәсіпте, құрылыс саласында және ауылшаруашылықта- 50 адамға дейін;
- саудада және тұрмыстық қызмет көрсету саласында- 30 адамға дейін;
- көлік және байланыс саласында- 25 адамға дейін;
- ғылым мен инновациялық салада- 20 адамға дейін.

Қазақстандағы шағын және орта бизнеске келесідей анықтама беруге болады. Бір немесе бірнеше инвесторлармен құрылған, шектелген географиялық аймақта жұмыс істейтін және нарықтың шектелген үлесіне иеленетін, негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдайтын, басқару ісін осы кәсіпорынның негізін қалаушылар жүргізетін кәсіпорындар шағын бизнеске жатады.

Кіші бизнес ірі фирмалардың және компаниялардың жақсы жұмыс істеуі үшін жағымды шарттар қалыптастырады. Мысалы, Жапонияда 50- жылдардан бастап контракт арқылы ірі фирмалардан мамандандырылған шағын фирмаларға берілген жұмыстың көлемі өте тез өскен. 1966 жылмен 1981 жылдары арасында ірі компаниялармен контракт арқылы жұмыс істейтін шағын фирмалардың үлесі 53,5 %-дан 65,5 %-ға дейін көбейген. Ал, электронды өнеркәсіпте бұл үлес 1981жылы 85,7%- ға дейін жетті. Шағын бизнестің артықшылықтары айқын. Ол шағын бизнестің серпінді, өндіріп отырған тауардың түрін, ассортиментін тез өзгерту қабілеттілігі, технология және басқа салаларда да жаңалықтар енгізуде икемді болуынан көрінеді. Шағын бизнестің басты ерекшелігі- коллективтік еңбекке ұмтылу, жұмыстың максималды жемісті нәтижесіне жету үшін жалпылықтың қызығушылығының болуы. Қазіргі уақытта көптеген елдердің экономикасы үшін шағын бизнес өте маңызды болып келеді. Шағын бизнес- жаңа идеялардың, табыстың, жұмыс орнымен қамтамасыз етудің негізгі көзі және экономика дамуының негізгі кепілі екенін біле отырып, көптеген мемлекеттер оны дамыту үшін маңызды іс-шаралар қабылдап, оған максималды түрде қолдау көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Ақша, Несие, Банк. Оқулық. Соколовой О.В. Алматы 2012 ж.
2. Тәуелсіздік нарық экономика. Бабақұлы Б. Алматы 2013 ж.
3. Мемлекет және бизнес. Мамыров Н.К., Саханова А.Н. Алматы. Экономика 2014 ж.